

**«Амангелді ауылының жалпы орта білім беретін мектебінің» КММ  
педагог-психологтың 2023-2024 оқу жылындағы  
жылдық жұмыс есебі**

**Психологиялық қызметтің мақсаты** – білім алушылардың табысты оқуы, дамуы, әлеуметтенуі және кәсіби білім беру траекториясын саналы таңдауын қалыптастыру үшін психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік жағдайлар жасауға бағытталған психологиялық-педагогикалық қолдауды жүйелі ұйымдастыру.

**Міндеттері:**

- Білім алушылардың тұлғалық және зияткерлік дамуына жәрдемдесу, өзін-өзі тәрбиелеу және өзі –өзі дамыту қабілетін қалыптастыру;
- Білім алушыларға тез дамып келе жатқан ақпараттық қоғам жайында оларды табысты әлеуметтендіруде психологиялық көмек көрсету;
- Әрбір білім алушыға оның жеке басын психологиялық – педагогикалық зерттеу негізінде көзқарасты дараландыруға ықпал ету;
- Психологиялық диагностика жүргізу және білім алушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту;
- Білім алушылардың психологиялық қиындықтары мен проблемаларын шешу бойынша психокоррекциялық жұмысты жүзеге асыру;
- Ата-аналарға (занды өкілдерге) және педагогтарға психологиялық мәселелерді шешуде және оқу-тәрбие жұмысының оңтайлы әдістерін таңдауда консультациялық көмек көрсету;
- Білім беру процесіне қатысушылардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін арттыру.

Мектептің психологиялық қызметі келесі бағыттар бойынша құрылады:

- диагностика;
- түзету-дамыту жұмысы;
- профилактика және психологиялық ағарту
- кеңес беру;
- ұйымдастыру-әдістемелік жұмыс;
- жыл бойынша психологиялық қызмет туралы талдамалық есептер.

**Диагностикалық жұмыс**

Бірінші сынып оқушыларының мектепке дайындығын диагностикалау. Мектепке дайындықты анықтау үшін келесі әдістер қолданылды: Керн - Йерасиктің мектептегі оқуға дайындық деңгейін анықтау тесті және «Мектепте маған не ұнайды?» проективті әдістемесі өткізілді.



Мақсаты: бастауыш сынып оқушыларының мектеп мотивациясының деңгейін анықтау. 1-сыныпта 6 оқушы, оның – 2 қыз бала, ұл бала -4. Нәтижелерді өңдеу кезінде 1 оқушы мектепке толық дайын, 5 оқушы орташа екендігі анықталды.

Бірінші сыныптарда бейімделу деңгейін анықтау үшін Н.Г. Лусканованың "Мектепте маған не ұнайды" проективті әдісі қолданылды, ол мектепке деген көзқарасты анықтайды. Максаты: әдістеме балалардың мектепке деген көзқарасын, мұғаліммен және құрдастарымен қарым-қатынасын, сондай-ақ мектепте оқуға мотивациялық дайындығын анықтайды. Нәтижелерді өңдеу кезінде 6 оқушының 3 оқушының (50%), мектепке қатынасы жақсы, оң мотивация, орта деңгей 3 оқушыда (50 екендігі анықталды).

Бейімделу кезеңін қадағалау үшін бірінші сыныптарда сабақтар өткізіледі, сонымен қатар мектепке деген қызығушылығы төмен балалармен түзету жұмыстары жүргізіледі, сынып жетекшілерімен және ата-аналармен әңгімелер, ата-аналар жиналысы жүргізіледі.

**Бесінші сынып оқушыларының бейімделу деңгейін диагностикалау.** 5 сыныптағы бейімделу деңгейін анықтау үшін Н.Г.Лусканованың «Оқу мотивациясын тексеруге арналған сауалнама» қолданылды.

**Зерттеудің мақсаты:** Оқушылардың оқу мотивациясын анықтау. Сауалнама нәтижесі бойынша төмен оқу мотивациясы анықталмады.

Оқушылармен түзету жұмыстары, түрлі психологиялық ойындар, оқушылармен де, пәндер бойынша мұғалімдермен де, сынып жетекшілерімен де әңгімелер жүргізіледі, бейімделу кезеңін қадағалау мақсатында сабақтарға үнемі қатысады.

#### **Түзету-дамыту жұмысы**

Қыркүйек айында 1-5 сынып оқушыларының психологиялық даярлығын анықтау қорытындысы бойынша түзету-дамыту жұмыстары жүргізілді. 1-сыныптармен «Бірінші сынып оқушыларына арналған психологиялық сабақтар» өткізілді. 5-сыныптармен «Біз 5-сыныпқа барамыз» тақырыбында психологиялық сабақтар өткізілді. Оқушылар сабаққа белсенді қатысты. Тренинг барысында көңіл-күйлері жақсы болды.



#### **Профилактика және психологиялық ағарту**

«Бірінші сынып оқушыларының ата-аналарына психологиялық көмек», «Бесінші сынып оқушыларының ата-аналарына психологиялық көмек» тақырыптарында қыркүйек айында 1,5 сыныптардың ата-аналарымен жиналыс өтті. Жиналыс барысында ата-аналарға оқушылардың мектепке бейімделулері бойынша баяндама оқылды және бейімделуге байланысты жадынамалар таратылды, ұсыныстар айтылды. Жиналысқа қатысқан ата-аналар жақсы көңіл-күйде болды және берілген кеңестер мен ұсыныстарды ескереміз деп жауап берді.

Мектеп ұжымымен «Эмоционалды жану синдромы» профилактикалық дәріс жүргізілді. Мақсаты: мұғалімдердің кәсіби күйреуін алдын алу.



10-қазан – психикалық денсаулық күніне орай 7 сынып оқушыларымен «Психикалық денсаулығымыз туралы сөйлесейік» тақырыбында дәріс өткізілді. Мақсаты: Оқушыларға психикалық денсаулықтың маңыздылығы туралы айту.

Қазан айында жоспарға сәйкес жоғарғы сыныптарда «Кондаш әдістемесі» бойынша мазасыздықты анықтау мақсатында тест алынды. Тестке 42 оқушы қатысты. 8-10 сыныптар арасында «Күйзелістен қалай құтылуға болады?» тақырыбында түзету- дамыту жұмыстары жүргізілді. Мектебіміздің жалпы ата-аналар жиналысында Буллинг, кибербуллингтың алдын алу бойынша профилактикалық және психологиялық ағарту жұмыстары жүргізілді. Интернетке тәуелділікті алдын алу бойынша ата - аналарға консультация берілді. Тәуекел тобындағы дивантты оқушыларды анықтау бойынша мәліметтер жинақталды. Баланың эмоционалдық жағдайын анықтау үшін 4 сыныптардан «Кактус» графикалық әдістеме бойынша тест алынып , әр оқушыға анықтама берілді.

5-11 сынып ұлдарының арасында « Ұл тәрбиесі-ұлт тәрбиесі» тақырыбында жиналыс өткізілді. Күн тәртібінде бойынша « Буллинг- стоп» тақырыбында баяндама оқыды.

1-10 сынып оқушылары мен мектеп қызметкерлері арасында «Жаксы көңіл күй километрі » акциясы өтті. «Жаксы көңіл күй комиссиясы» құрылып, әр үзілісте психологиялық клуб мүшелері қызықты ойындары өткізді.



Бастауыш сынып оқушыларымен «Ағаш» проективті әдістемесі бойынша үшінші сынып оқушыларынан тест алынды



Дж.Голланд әдісі бойынша оқушылардың мінез құлқын типін анықтау мақсатында 9 сынып оқушыларынан сауалнама алынды. Сауалнамаға 25 оқушы жауап берді.

5-10 сыныптар арасында дәріс жүргізілді. Оқушылардың кәсіби бағыт бағдарын анықтау, оқушылардың эмоцияналдық интеллект пен тұлғааралық қатынасты дамыту дағдыларын дамыту мақсатында 9 сынып оқушыларымен тренингтер өткізілді. «Кәмілетке толмағандар арасында және кәмілетке толғандар арасында қарсы жасалатын қарсы жасалатын құқық бұзушылықтың,оның ішінде зорлау санатындағы қылмыстардың,ерте жүктіліктің,деструктивті аутодеструктивті мінез -құлықтың алдын алу мақсатында» буллингке,кибербуллингке қарсы 8-10 сыныптар арасында бейнероликтер көрсетілді.Ата - аналарға « Жасөспірімдер ортасындағы девианттық мінез құлық пен құқық бұзушылықтың алдынын алу»

жадынамасы таратылды. Орта буынға көшуге психологиялық қолдау көрсету мақсатында 4 сыныптармен тренинг өткізілді. 5-6 сыныптар арасында «Мен өмірді сүйемін!» тақырыбында эссе жазылды.

«Қауіпсіз жазғы демалыс» оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру мақсатында бинероликтер көрсетіліп, жадынамалар таратылды. Мектеп психологтарымен бірге әлеуметтік педагог Шарипова С.С. түрлі тапсырмалар орындатты. Қажет оқушылармен жеке жұмыстар жүргізілді.

7-10 сынып оқушыларынан суицидке бейімділікті зерттеу сауалнамасы алынды.

Мақсатты: Оқушының өмірге деген құштарлығын арттыру, суицидтің алдын алу.

2 сынып оқушыларынан «Жануарлар мектебі» әдісі алынды. Мақсаты: Мектеп неврозы дамуының алғашқы сатысын, себебін және түзету жұмысын анықтауға мүмкіндік береді.

Маданиев Мирастан еркін жағдайға қанағатанбаушылықты білдіреді. Оқудан тыс жақтары қызықтырады. Оқушы позициясы әлі қалыптаспаған және мектептік міндеттері мойындағысы келмейді

**Жасалған жұмыстың қорытындысы:** Сыныптағы ата-аналардың балаларына ұқыпты, қамқорлықпен, мейірімділікпен қарайтындықтары байқалды. Жасаған жұмыстарына қарағанда балаларының киім үлгісіне көп көңіл бөлетіндігі көрінді. Жұмыстары тиынақты әрі ұқыптылықпен жасалған. 3-4 ата - ананың жасалынған жұмыстарынан бойында шашыраңқылық байқалып, бала тәрбиесіне көп көңіл бөлу керектігі айтылды.



Әр ата-ана өз балалары туралы мәлімет берген кезде олардың балаларын жан-жақты жақсы танитындықтары көзге түсті. Ата-аналар бір бірімен пікір алмасу арқылы бала тәрбиесі туралы маңызды ақпараттармен бөлісті. Жасалған жұмыстардың нәтижесінде 2 ата-ана

жеке кеңес алды.

Жоғары сынып оқушылары арасында суицидтің алдын алу бойынша психологиялық жұмыстар жүргізілді. Мектеп оқушылары арасында келеңсіз жағдайларға түспеу үшін алдын алу мақсатында 2023-2024 оқу жылына арналған іс-шаралар жоспары құрылды. Жоспарға сәйкес қыркүйек айында 5-11 сынып оқушылары келеңсіз



жағдайларға бейім оқушыларды анықтау негізінде жасырын сауалнама алынды. Сауалнама нәтижесі бойынша өзіне-өзі қол жұмсауға бейім оқушылар анықталмады. Әр сынып оқушыларымен жиналыс өткізіліп, сынып жетекшілерімен жиналыс жасалды. Осы айда сәтсіз жанұя отбасының тұрмыстық жағдайын анықтау барысында ата-аналармен кеңес жүргізілді. «Әлеуметтік желінің пайдасы мен зияны

туралы» оқушыларға арналған кеңестер берілді.

Сауалнамада бос уақытында немен айналысатыны, интернет желісінде отырып, қандай сайттарға кіретіні, ол жерден қандай мәліметтер жинайтыны, ол сайттың пайдасы жөніндегі сұрақтар қойылған.

«Баланың мазасыздануын анықтау» тесті, «Өз отбасым» сауалнамасы алынып, «Менің ішкі әлемім» тақырыбында ой-толғауымен бөлісті. «Тәрбиелі адам қандай болуы тиіс?», «Қызықты өмір сүру үшін...» кеңестері берілді. Сонымен қатар қарым-қатынасты дамытуға арналған видеороликтер ұсынылды.

### **Білім алушылардың қауіпсіздігін қорғау мақсатында істелінген жұмыстарының қорытындысы.**

Білім алушылардың зорлық-зомбылықтың оның ішінде буллинг пен кибербуллинктің барлық түрлерінен қауіпсіздігін сақтау мақсатында іс жоспары құрылып, бекітілді. Білім алушыларға "Антибуллинг және кибербуллинг дегеніміз не?" тақырыбында білім алушылар мен ата-аналарына видеоролик жіберілді.

Кез-келген адамның кибербуллинге ұшырауы мүмкін екеніндігін білім алушыларға ұғындыру мақсатында ватсап желісі арқылы жаднамалар таратылды.



Сондай-ақ «Токта, буллинг» тақырыбында оқушылармен қызықты жаттығулар орындалды.

Сонымен қатар қауіпсіз интернет тақырыбында тренинг жіберу сондай оңай ғой! Бұны істеген адам басқаның жанын ауыртқанын сезбейді де. Егер интернет технологияларды біреуді әдейі ренжіту, қорлау немесе ызасын келтіру үшін пайдаланса, онда бұл – кибербуллинг. Тіпті туралы ренішті постқа лайк бассаң да, немесе ренішті постты жіберсең, бұл да – кибербуллинг.

Буллинге ұшыраған адам басқалардың оған қарсы біріккенін сезінеді.

Буллинг шындап адамға зиянын тигізеді, оның үмітсіздік пен шарасыздық күйге түсуіне себеп болады. Кей- кездері буллинктің кесірінен адамдар өзін-өзі өлтіру жайында ойлап, өзіне қол жұмсауы мүмкін. «Балаларды бірігіп қорғайық!» негізінде жыныстық қол сұғушылыққа қарсы құқық бұзушылықтардың алдын алу, 7-10 сынып оқушыларының қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша қыздарға кеңестер берілді.

10-сынып оқушыларының ҰБТ –дайындығын психологиялық тұрғыда дайындығын анықтау барысында жасалған жұмыстарының мәліметі.

Қыркүйек айында 10-сынып оқушыларынан «Сенің арманың» сауалнамасын алдық. Сауалнамаға 6 оқушы қатысты. 10- сынып оқушыларлары сауалнамаға ашық, толық жауап берді. 6 оқушы ең басты арманы да, мақсаты да ҰБТ-ді ойдағыдай тапсырып, жоғарғы оқу орнына түсу болса, ата-анасының үмітін ақтап, ата-аналарына өмір бойы жағдайын жасап қамқор болуды алдына мақсат қойып, армандайды екен. Оқушыларға ата-анаңның сенімін қалай ақтайсың?-деген сұраққа 4 оқушы жоғарғы оқу орнына түсіп, жақсы маман иесі атанып, сенімін ақтайтының көретсе, қалған 2 оқушы уақытында көреміз деп қысқа жауаппен шектелді..

10-сынып оқушыларына ҰБТ –ге психологиялық дайындығын анықтау мақсатында кеңестер берілді.



Жазғы лагерь уақытында  
«Досыма қуаныш сыйла» атты  
көңілді тренинг  
ұйымдастырылды.



### **Оқуға қызығушылығын анықтауға арналған сауалнама .**

Мақсаты-оқушылардың оқу әрекетінде не қызықтыратындығын анықтау.

Оқуға деген өзіңнің қызығушылықтарын сұрақ қою арқылы атап өтті.

#### **Мектепте оқу себебім?**

- 1.Қызықты болғандықтан.
- 2.Ақылды және патасатты болғым келеді.
- 3.Жоғары баға ғана алғым келеді.
- 4.Ата-анам оқу деп айтады
- 5.Қазір барлығы оқиды, сол себепті мен де оқимын.
- 6.Мұғалім ұнайды.
- 7.Оқу,оқуға түсу-мәртебе.
- 8.Сауатты болғым келеді.
- 9.Өз Отаныма пайдалы азамат болғым келеді..
- 10.Өз бетімше жұмыс істеуге үйренгім келді

Шамалары келгенше оқушылар жұмыс істеді.

Сауалнама қорытындысы бойынша оқушылардың оқу әрекетіне қызығушылығы негізінен-баға қызықтырады және ата-ананың беделі ,ақылды болу және т.б.Жалпы оқу ұнайды, мұғалімді де ұнататын оқушылар бар.Өзінің қызығушылығын ашып айта алмаған оқушылар да болды.

Олар анық жауап бере алмады. Дұрыс жауап беруге қиналған оқушылар да шықты.Бұл оқушылардың оқу әрекетінде әр түрлі қиындықтары бар: белсенді емес,ашық сөйлесуге де қорқақтайды,жалтақтық байқалады,бірі мұғалімге үйренбесе,екіншісі сыныптастарымен қарым-қатынас жасай алмайды.

Оқушылардың белсенділігін арттыратын,ынталануына әсері бар тренинг ұйымдастыру: «Өз жұбыңды тап», «Адамгершілік қасиеттеріңді ата».

Негізгі қиындық: Жақсы оқи алмасам әке-шешенің ұрсуы,сыныптастарының мазақ етуі,мұғалімнің төмен баға қою мүмкін екендігі үрей туғызады.Мектеп алды даярлық тобына келген оқушылардың көбі мектеп,оқу туралы білетіні аз болса да, тез,жеңіл бейімделіп, оңай оқуға кірісіп кеткен оқушылар да бар.

Анықталған оқушылармен жекелей де ,топтық та жұмыстар жүргізілді.Ата-аналарымен әңгімелесіп, баланы үйде көбірек қадағалап,дұрыс бағытты қалай беріп, мектепте оқуға бейімдеуге болатынын түсіндірдік.

Оқушыларды аулаға серуенге алып шығып, қимылды ойындар ұйымдастырдық. Қимылды ойындарды ойнау кезінде оқушылар ашыла түседі, белсенділігі артады, көңіл күйлері көтеріледі. Ойынның барысында әсіресе анықталған оқушыларды басты рөлдерде ойнауға немесе басқаруға көбірек тартқызылды. Мысалы 6 сынып оқушылары.

Әлеуметтік педагогпен бірігіп баланың отбасына барып, отбасының әлеуметтік жағдайымен танысып және тексеріп АКТ жасалынды. Оқушыларды қалыпты өмірге бейімдеу мақсатында, мектеп әкімшілігі тарапынан қадағалауға алынды. Оқушылардың күнделікті сабаққа келуі, тәртібі, көңіл-күйі, күн тәртібі жоспарланып, түрілі іс-шараға қатысуы қадағаланды.

Оқушының психо-эмоциялық көңіл-күйін анықтау, диагностикалық жұмыс жүргізу арқылы оқушы бойындағы депрессия мен үрейдің деңгейін анықтау, агрессиялық мінез-құлық, күйзелістің алдын – алу мақсатында Г. Айзенктің «Тұлғаның психикалық көңіл-күйін анықтау» сауалнамасы алынып, сараптама жасалды. Зерттеу нәтижесінде бойынша үрей деңгейі жоғары, депрессияда жүрген оқушы жоқ. Ашу-ыза деңгейі ортадан жоғары оқушылар болды. Оның себебі: Оқушылардың жастықшақ кезеңімен байланысты және отбасындағы әлеуметтік-психологиялық жағдайға байланысты.

Оқушылармен өмірге бейімдеу, рухани құндылықтарды бойларына сіңіре отырып, адамгершілік қасиеттерге тәрбиелеу мақсатында, өмірге оң көзқараспен қарай білуге үйрету мақсатында, «Өзіңді-өзің танысаң істің басы», «Өмір сүре білу әр адам үшін сынақ» атты психологиялық сабақ жүргізілді. Оқушы бойындағы қорқыныш, үрейді түсіру мақсатында, «Қорқыныштың суретін сал және оны күлкіліге айналдыр», «Қар қиыршығы», «Алфавит» атты тренинг-жаттығулар жүргізілді.

Мектепте жоспар бойынша сынып жетекшілерге қолдау көрсету мақсатында, семинарларда, ата-аналар жиналысында, ұжымда жағымды ахуал қалыптастыру тренингтері жүргізілді.

### **Қортынды**

1. 2023-2024 оқу жылындағы 1-10 сынып оқушыларына арналған әдістердің тиімді болғаны.

2. 9 сынып оқушыларының кәсіби ой- ниеті мен ата- аналарының көзқарасы сәйкес келетіні.

3. Ата-аналар жиналысында тренингтердің оң нәтиже беру әсері.

1. Оқушылар, ата-аналар және мұғалімдерге психологиялық қолдау көрсету бағытының жұмысын жандандыру.

2. Бастауыш сынып жетекшілері оқушылармен алдағы уақытта сабақ үстінде практикалық машықты игеруге, әсіресе сурет сабақтарында бояу техникасын дұрыс меңгерту, өз қатесін тауып, түзетуге талаптандыру, үзілісті оқушыға дұрыс пайдалануды түсіндіру.

3. 10 сынып оқушыларының кәсіби ой- ниеті мен көзқарасының сәйкес келмеуі.

- 1.Ерекше назарды қажет ететін оқушылардың тұрақты, жағымды қасиеттер, дұрыс мінезін қалыптастыру.Баланың өз қолынан келетін іске толық ерік беру,ата-аналары мен пән мұғалімдері көмек көрсетіп жіберу.
- 2.Былтырғы оқу жылымен салыстырғанда оқушылардың өз жауапкершілігі мен құқықтық білімдерін кеңінен тереңдету.

Мектеп директоры:



Р.А.Исина